

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

ИНЖЕНЕРИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Факультет деканы

Нажи Генч

2023 ж.



Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының

ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылы

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет кеңесінің № 10, « 21 » 06 2023 ж. мәжілісінде мақұлданды.

ТҮРКІСТАН - 2023

## Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы құрамы

### Комиссия төрайымы:

1. Қошанова Гүлназира – п.ғ.к., аға оқытушы;

### Комиссия мүшелері:

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6В07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

I. Оқу бағдарламаларын әзірлеу, бекіту

Факультет кафедраларында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі төмендегі 1-кестеде берілген.

Кесте 1

### Инженерия факультетінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы		ББ тобының коды		Білім беру бағдарламаларының топтарының атауы	Білім беру бағдарламасының коды		Білім беру бағдарламаларының атауы	
		1	2	1	2		1	2		
1	6В01-Педагогикалық ғылымдар	1	6В015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	1	В015	Информатика мұғалімдерін даярлау	1	6В1573	Информатика
2	6В06-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	2	6В061	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	2	В057	Ақпараттық технологиялар Ақпараттық технологиялар Ақпараттық технологиялар	2	6В06151	Ақпараттық жүйелер
								3	6В06181	Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау
								4	6В06182	Компьютерлік инженерия
3	6В07-Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	3	6В071	Инженерия және инженерлік іс	3	В062	Электр техникасы және энергетика	5	6В07153	Электр энергетикасы
					4	В063	Электр техникасы және автоматтандыру	6	6В07154	Автоматтандыру және басқару
4	7М01-Педагогикалық ғылымдар	4	7М015	Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	5	М012	Информатика педагогтерін даярлау	7	7М01557	Информатика
5	7М06-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	7М061	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6	М094	Ақпараттық технологиялар	9	7М06127	Информатика
								8	7М06128	Ақпараттық жүйелер
6	7М07-Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6	7М071	Инженерия және инженерлік іс	7	М099	Энергетика және электр техникасы	10	7М07130	Электр энергетикасы
					8	М100	Автоматтандыру және басқару	11	7М07158	Автоматтандыру және басқару
7	8D06-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	7	8D061	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар		D094	Ақпараттық технологиялар	12	8D06115	Ақпараттық жүйелер

Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкестігі қадағаланып, ҚР БҒМ Реестріне жаңартылып, тіркелді.

Білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының академиялық және басқару персоналының әлеуетін арттыру негізінде әзірленді.

**Компьютерлік ғылымдар кафедрасы бойынша:**

БББ атауы	Кәсіби стандарт атауы	БББ мәртебесі (жаңартылған /жаңа /инновациялық)	БББ жасауға қатысқан серіктес мекеме
В015 Информатика мұғалімдерін даярлау (6В01573 Информатика (АКТ және робототехника))	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Атамекен ұлттық палатасының 2017жылғы «Педагог кәсіби стандарты»	инновациялық	1.Н.Оңдасынов атындағы Түркістан «Дарын» мектеп-интернаты 2.Түркістан №23 жалпы орта мектеп 3.Түркістан Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп
М012- Информатика педагогтерін даярлау (7М01557 Информатика)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы	қолданыстағы	1.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық жоғары мектебі 2. Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
6В06 Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар (6В06181 Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау)	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласындағы салалық біліктілік шеңбері	қолданыстағы	1.Кентау трансформатор зауыты 2. «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» 3. Түркістан қаласы, «Азаматтарға қызмет көрсету»
8D06 Педагогикалық ғылымдар (8D01516 Информатика)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы	қолданыстағы	1.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық жоғары мектебі 2.Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті

**Компьютерлік инженерия кафедрасы бойынша**

<b>БББ ауы</b>	<b>Кәсіби стандарт атауы</b>	<b>БББ мәртебесі (жаңартылған /жаңа /инновациялық)</b>	<b>БББ жасауға қатысқан серіктес мекеме</b>
В061-Ақпараттық технологиялар 6В06151-Ақпараттық жүйелер 6В06152-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласындағы салалық біліктілік шеңбері	қолданыстағы	1.Кентау трансформатор зауыты 2. «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» 3. Түркістан қаласы, «Азаматтарға қызмет көрсету»
М061- Ақпараттық технологиялар (7М06128 - Ақпараттық жүйелер)	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласындағы салалық біліктілік шеңбері	қолданыстағы	1.Кентау трансформатор зауыты 2. «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» 3. Түркістан қаласы, «Азаматтарға қызмет көрсету»
8D061- Ақпараттық технологиялар (8D06115- Ақпараттық жүйелер)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы	қолданыстағы	1.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық жоғары мектебі 2. Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті

**Электр инженериясы кафедрасы бойынша**

<b>БББ атауы</b>	<b>Кәсіби стандарт атауы</b>	<b>БББ мәртебесі (жаңартылған /жаңа /инновациялық)</b>	<b>БББ жасауға қатысқан серіктес мекеме</b>
В071-Инженерлік іс 6В07153-Электр инженериясы 6В07154- Автоматтандыру және басқару	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Инженерлік іс» саласындағы салалық біліктілік шеңбері	жаңартылған	1.Кентау трансформатор зауыты 2. "Ныш Ер" ЖШС-ның директоры
М071 Инженерлік іс (7М07154 – Электр инженериясы)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы	қолданыстағы	1.Алматы энергетика және байланыс университеті

Инженерия факультеті бойынша әзірленген бакалавриат бойынша 6- Білім беру бағдарламасы; магистратура бойынша-4; докторантура бойынша-2 бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты

белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама деп есептеп, Білім беру бағдарламаларының Реестріне 1 жаңа ББ, 10 қолданыстағы ББ жаңартуға дайындалды.

## 2. Сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету

### 2.1 Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру, өткізу.

Электр инженериясы кафедрасындағы «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі» (IQAA) ұйымдастырылуымен 13-16 наурыз аралығында өткен аккредиттеуден 7M07158 – «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасына 5 жыл мерзімге мамандырылған аккредиттеуден (БСН: 990440008043, мемлекеттік лицензия 06.05.2023 ж, SA-A № 0272/3 Z05H9M7, 06.05.2023-05.05.2028 ж. өткендігі жөнінде Білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу туралы куәлік сертификат берілді.



2022-2023 оқу жылындағы кафедраның білім беру бағдарламаларының аккредиттелуі туралы мәлімет:

№	ББ атауы	Аккредиттеу органының атауы, сертификаттың қолданылу мерзімі (бастап- дейін)	ЖОО-ның аккредиттелуі туралы ақпаратты қамтитын аккредиттеу органының сайтына сілтеме
1	7M07158- «Автоматтандыру және басқару»	IQAA, 06.05.2023-05.05.2028 ж	<a href="https://iaar.agency/accreditation/kz">https://iaar.agency/accreditation/kz</a>

**Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретіні анықталды**

ҚР БЖҒМ 719 бұйрықтың 91-пунктіне сәйкес кафедралардың материалдық әлеуеті қарастырылды.

Компьютерлік ғылымдар кафедрасында жалпы компьютер сыныптарының саны - 3. Компьютерлік инженерия кафедрасында лабораториялық бөлмелер саны-2, компьютер сыныптарының саны-4, Электр инженериясы лабораториялық бөлмелер саны – 6, лабораториялық стендтерде орындалатын жұмыстар саны - 18.

**ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте,  
кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын  
қамтамасыз етілуі қадағаланды**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 Бұйрығына сәйкес Білім беру мониторингінің шеңберінде бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін талдау ұсынды.

Қолданыстағы ҚР БҒМ талаптарына сәйкес үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: қазақ (түрік) тілінде, орыс тілде және ағылшын тілінде жүзеге асыруы қажет. Атап айтқанда :

1. оқу пәндерінің 50%-ын оқыту қазақ (түрік) немесе орыс (түрік) тілінде;
2. 20%-ын екінші тілде сәйкесінше орыс немесе қазақ тілінде;
3. 30%-ын ағылшын тілінде оқытылуы.

Факультетте жалпы үш тілде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Назарбаев Университетінің тәжірибесін ескере отырып, Түркияның жетекші университеттерінің ішінен ортақ стратегиялық серіктес университет анықталған және университеттің стратегиялық жоспарында белгіленген: Ergiyes университеті. Серіктестердің тиімді құралдарын, технологияларын мен стратегияларын қолдану мақсатында ББ қаралды.

**ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы  
ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір  
туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды  
мерзімді жаңартылуы қадағаланды**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сайты әлемдік ақпараттық кеңістікте Университет атынан өкілдік ететін ресми сайт болып табылады. Сайтты бағдарламалық-техникалық және ақпараттық әкімшілігін IT департаменті мен университеттің Ақпарат орталығы УЕ-ХҚТУ-050-2020 Ахмет Ясауи университетінің ресми сайты бойынша ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:

- Университеттің ресми сайтына;
- Университет кітапханасы;

Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы толық ақпарат оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық - талдау кешенінде ұсынылған және білім алушының жеке логині мен құпия сөзі бойынша университет сайтынан қолжетімді. Сайтта орналастырылатын материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ресми ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс: жалған ақпарат орналастыруға, нормаланбаған лексиканы пайдалануға, діни немесе ұлтаралық алауыздықты қоздыратын, зорлық-зомбылыққа және т.б. шақыратын ақпараты бар ресурстарды орналастыруға тыйым салынады. Мониторинг барысында Жаратылыстану факультеті бойынша ақпараттың уақтылығы, өзектілігі, нақтылығы қанағаттанарлық деңгейді көрсетті.

**1. ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі қадағаланды.**

2022-2023 оқу жылына ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 10 қосымшасы 74 (Б) тармағына сәйкес анықталды. Диплом жетекшілеріне қойылатын талаптарға сәйкес 3 жылдан астам жұмыс өтілінің болуы, БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 1 мақала, 1 оқу-әдістемелік құрал болуы. Магистрлік жетекшілерге

қойылатын талаптар: БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 5 мақала, Scopus базасында тіркелген журналдарда жарияланған 1 мақала, процентілі 24-тен кем емес.

**2. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері қадағаланды.**

Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді.

Компьютерлік инженерия кафедрасы кафедра оқытушылары өз мамандықтарына сай «Intuit» «Huawei» «Cisco» Халықаралық корпоративті орталықтарынан және «Damutek» ЖШС, SAMGAR республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы және «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында және Нұр-Сұлтан қаласындағы Үкіметтік емес сапаны бағалау орталығында өз өтетін пәндері бойынша онлайн форматта біліктілікті жетілдіру курсынан өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» курсы ұйымдастырылып, барлық ОПК осы курстан өтіп арнайы сертификаттар берілді. Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері портфолиоларына салынды.

**3. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгені тексерілді.**

Пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (силлабус, лекция тезистері, иллюстративтік және таратылым материалдары, семинар (практикалық), лабораториялық сабақтардың жоспары мен әдістемелік нұсқаулары және т.б.) [ayu.edu.kz](http://ayu.edu.kz), [ayu.portal.kz](http://ayu.portal.kz) сайттарына жүктеліп, сабақ кестесіне сай жүзеге асырылды. Білім беру қорларына (ресурстарына) қол жетімділік орнатылған. Білім алушылар және оқытушылар университеттің кітапханасына сайт арқылы кіріп, пайдалана алады.

ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелген. Пән оқытушылары барлық тапсырмалардың орындалуын қадағалауы және курс мерзімдеріне тиісті бағалауы міндетті. Оқытушы қажетті жағдайларда курсқа өзгерістер енгізуі мүмкін. Аралық бақылау 7-ші және 15-ші апталарда тапсырылады.

**4. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесі бақыланды.**

Факультеттен 2020-2021 оқу жылында жалпы 126 түлек бітірген. Білім беру бағдарламалары бойынша осы күнге дейін жұмысқа орналасқандар түлектер саны-40, бала күтімінде-9, магистратураға түскен-8, әскерде-3, жұмыссыздыққа тіркелген-1, шетел азаматы-11. Қалған 54 түлектерден анықтама алынып жатыр. Бұл ретте, жұмысқа орналасқан түлектер санына күндізгі оқыту нысанында жоғары білім бағдарламасы бойынша магистратурада немесе докторантурада оқуын жалғастырған бітірушілер ескеріледі.

**5. ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігі қадағаланды.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 бұйрығына сәйкес ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері талқыланды (№1 қосымша бойынша 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі» туралы бұйрыққа сәйкес №1 қосымша Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер келтірілген.

Факультет оқытушылары «Damutek» ЖШС, SAMGAR республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы және «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында және Нұр-Сұлтан қаласындағы Үкіметтік емес сапаны бағалау орталығында өз өтетін пәндері бойынша онлайн форматта біліктілікті жетілдіру» курсынан өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Үздіксіз білім беру институтында жаңадан келген немесе декреттік демалыстан өткен оқытушы профессорлар «Инклюзивті білім беру» және Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша сабақ беру және бағалау курстарынан өтіп арнайы сертификаттар берілді.

Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері талданды, институционалдық аккредиттеу бойынша постмониторинг жұмыстары талқыланды.

**6. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі қадағаланды (2,8 қосымша).**

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8 қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (1 қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшаға енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер [www.library.ayu.edu.kz](http://www.library.ayu.edu.kz), <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша жаратылыстану факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде.

**7. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасалды.**

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Факультеттің ОПҚ сабақ өту барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолданылуына байланысты, студенттердің үлгерімі артатыны белгілі. 2022-2023 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПҚ үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалды. Факультет деңгейінде әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды.

**8. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, өндірістік, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қадағаланды.**

Оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды және зерттеу практикалары туралы (практиканың ұйымдастырылуы және өткізілуі, өндірістік практикадан өту базалары ретінде ірі кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынас орнату, ББ-на ірі бірнеше негізгі кәсіптік практика базаларының тізімін бекіту, практика бағдарламасы, мақсаттары мен міндеттері мәселелеріндегі сәйкестік пен үйлесімділік, жұмыс жоспар-кестесі және күнделіктерді толтыру, студенттердің есептерінің практика бағдарламасына сәйкестігі, практика түрлеріне сәйкес практикаға барар алдындағы ұйымдастыру, практика соңындағы жабылу және қорытындылау конференциясының хаттамалары, білім алушылар мен жетекшілерінің есептері, практиканы ұйымдастыруда жетілдіру бойынша ұсыныстары қаралды.

**9. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуі, аттестаттау нәтижелеріне талдау жүргізілді.**

Компьютерлік ғылымдар кафедрасының күзгі аралық аттестаттау бойынша барлығы:



2022-2023 оқу жылының қысқы сессиясы бойынша 54 пәннен емтихан қабылдау түрі анықталды, олардың 9-жоба қорғау, қалған пәндер жазбаша түрде өтті, көктемгі сессиясы бойынша 43 пәннен емтихан қабылдау түрі анықталды, олардың барлығы жазбаша түрде өтеді. Емтихандарды өткізу Университеттің «Емтихандарды ұйымдастыру және өткізу ережелеріне» сәйкес ұйымдастырылды.

Білім алушылар, оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің УЕ-ХҚТУ-027-2020 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесімен толық таныстырылды.

Кафедра менгерушілері, ОПК, қызметкерлердің қатысуымен өткен жиналыста «Емтихандарды ұйымдастыру және емтихан ережесі»-нің талаптары түсіндірілді.

2022-2023 оқу жылының жазғы емтихан сессиясын ұйымдасқан, жүйелі түрде өткізу мақсатында «Емтихандарды ұйымдастыру және өткізу ережелерінің» негізінде студенттерге арналған қысқаша жаднама құрастырылып, топ кураторлары арқылы барлық студенттерге тарқатылды. Жаднамада апелляцияның негізгі талаптары, емтиханда тәртіп сақтау туралы, студенттер ұялы телефондарын емтиханға алып келмеуі туралы мәліметтер бар.

**10. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізілді.**

«Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ-нің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №719 бұйрық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етудегі профилактикалық бақылау нәтижелерінде анықталған Академиялық қызметіне қатысты сәйкессіздіктерді түзету мақсатында атқарылған іс-шаралар туралы факультеттің Ғылыми кеңесінде талқыланды.

Білім алушылары мен оқытушы профессор құрамы академиялық адалдық қағидаларымен түгел танысты.

**11. Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағаланды.**

Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау. Жаһандық білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. ҚББ режимінде оқу сабақтарын өткізуді толассыз ұйымдастыру үшін университетте қажетті IT- инфрақұрылымын құрады: тұрақты желілік қосылыстардың, серверлік жабдықтардың, ДСЖ болуы, киберқауіпсіздік жүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

**12. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылды.**

Облыстық білім департаментінен келген ұсыныс бойынша бағдарламадағы пәннің сипаттамасы бөліміндегі «Жаңа ақпараттық технологиялар» модулін «Цифрлық білім беру қорларын құру технологиялары» тақырыбымен толықтырылды. «Бағдарламалау есептерін құру және шығару» модуліне «Олимпиада есептерін шығару» тақырыбы қосылды. Сонымен қатар «Информатиканы оқыту әдістемесі» модуліне кәсіби жоспарлай алу (Сабақты жоспарлау) тақырыбы енгізілді. Қазақстандық мектеп оқушыларының халықаралық салыстырмалық зерттеулер бойынша көрсеткіштерінің төмен екендігін

ескере отырып, аталған бағдарламаға «Информатикадан есептер шығару әдістемесінің негіздері» пәндерінің силлабусына халықаралық мониторингтік зерттеулерде (TIMSS, PISA, PIRLS, TALIS) қолданылатын әдістер енгізілді.

Жұмыс берушілермен кері байланыс орнату үшін және бітіруші студенттерді жұмыспен қамтамасыз ету үшін, студенттер сәйкес мектептерден педагогикалық іс-тәжірибеден өтеді.

Кафедраға қатысты бакалавриат бойынша мамандықтары бойынша жұмыс берушілермен кері байланыс жүргізілді. Білім беру бағдарламаларына сын-пікірлер, пәндерге ұсыныс, сараптамалық тұжырым алынып отырды. Бітіруші түлектердің және практикаға барған студенттердің мамандар сапасымен қанағаттану деңгейін анықтау үшін жұмыс берушілерден сауалнама алынып, нәтижелері талданып отырды.

№	Білім беру бағдарламалары	Жұмыс беруші ұйым	Жұмыс берушінің аты -жөні
1	6B01573-Информатика	№14 жалпы орта мектебі, Кентау қаласы	Жумагельдиева Г.
		Н.Оңдасынов атындағы Түркістан «Дарын» мектеп-интернат	Омаров Б
2	6B06182-Компьютерлік инженерия	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш.
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б.
3	7M01557-Информатика	№14 жалпы орта мектебі, Кентау қаласы	Жумагельдиева Г.
		Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш.
4	7M07127- Информатика	Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
		Түркістан Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебі	Мұхаммеджанов З.А.
		Н.Оңдасынов атындағы Түркістан «Дарын» мектеп-интернат	Байшенов Қ.А.
5	7M07130- Автоматтандыру және басқару	Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
		Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.
6	6B06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
7	6B06151-Ақпараттық жүйелер	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
8	6B06182-Компьютерлік инженерия	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
		Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
9	6B07153-Электр инженериясы	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
10	6B07154- Автоматтандыру және басқару	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
		Кентау трансформатор заводы	Қайназаров В.А.
11	7M06128-Ақпараттық жүйелер	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
12	6B07154- Автоматтандыру және басқару	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б
13	6B07153-Электр инженериясы	Қазақ-Неміс политехникалық колледжі	Сыздықов Н.Ш
		Кентау трансформатор заводы	Худайберген Б

6B01573-Информатика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілері - Н.Оңдасынов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, №14 орта мектебі, М.Әбенова жалпы орта мектебі, Әмір Темір атындағы жалпы орта мектебі. M01557- Информатика педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілері - М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Теориялық және қолданбалы математика» ғылыми орталығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. 8D01516-Информатика педагогтерін даярлау-М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Теориялық және қолданбалы математика» ғылыми орталығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

Жұмыс берушілердің сын-пікірлері ескерілді, сауалнама нәтижелері талданды. Жылда білім беру бағдарламалардың негізгі оқу жоспарларына жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, өзгерістер енгізіледі.

**13. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағаланды.**

2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламалары оқу-әдістемелік комитет шешімімен №1, 01.09.2022 жылғы мәжілісінде қаралып, бекітілген. Силлабустар, оқу-әдістемелік кешендері Білім және ғылым министрлігінің бекітілген типтік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мамандықтың мемлекеттік стандарты негізінде жасалған және 100 % қамтамасыз етілген.

Студенттерді арнаулы оқулықтармен және әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз ету мақсатында әдістемелік нұсқаулар әзірленген. Мамандықтың оқу үдерісіне қажетті оқулықтардың электронды нұсқаулары жасалынған.

Мамандықты дайындауға қажетті оқу-әдістемелік құжаттар: оқу бағдарламалары, силлабустар, оқу-әдістемелік кешендер және лабораториялық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары толық және сапалы даярланған.

Жұмыс оқу бағдарламалары бойынша әр пәнге силлабустар мен оқу-әдістемелік кешендер және дербес жұмыс жоспарларының мазмұны мен толтырылуы PhD докторантураға қойылатын талаптарға сай жасалған.

Студенттерді арнаулы оқулықтармен және әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз ету мақсатында әдістемелік нұсқаулар әзірленген. Мамандықтың оқу үдерісіне қажетті оқулықтардың электронды нұсқаулары жасалынған.

Мамандықты дайындауға қажетті оқу-әдістемелік құжаттар: оқу бағдарламалары, силлабустар, оқу-әдістемелік кешендер және лабораториялық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары толық және сапалы даярланған.

Оқу бағдарламалары бойынша әр пәнге силлабустар мен оқу-әдістемелік кешендер және дербес жұмыс жоспарларының мазмұны мен толтырылуы магистратураға қойылатын талаптарға сай жасалған.

Білім беру бағдарламасы бойынша силлабустар, оқу-әдістемелік кешендер Білім және ғылым министрлігінің бекітілген типтік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мамандықтың мемлекеттік стандарты негізінде жасалған. Типтік бағдарламасы жоқ пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары әзірленіп, Факультеттің оқу-әдістемелік комитет мәжілісімен бекітілген және 100 % қамтамасыз етілген.

Жұмыс оқу бағдарламалары бойынша барлық пәнге силлабустар мен оқу-әдістемелік кешендер қойылатын талаптарға сай дайындалған.

**2021-2022 оқу жылына арналып дайындалған білім беру бағдарламаларының жаңартылуы**

№	БББ атауы	Пән саны	Жаңартылуы	Жаңартылу көрсеткіші, %
1	6B01573-Информатика (АКТ және робототехника)	12	0	Пәндер өзінің өзектілігін жоймауына байланысты өзгерістер енгізілмеді.
2	6B06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау	25	0	
3	6B06151-Ақпараттық жүйелер	25	0	
4	5B06182-Компьютерлік инженерия	6		
5	6B07153-Инженерлік іс (Электр инженериясы)	19	0	
6	6B07154-Инженерлік іс (Автоматтандыру және басқару)	7	0	
7	7M07153-Электр инженериясы	15	2	2 пән /13%
8	7M01557-Информатика	15	2	

**14. Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылды. (қосымшада)**

**15. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізілді.**

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолдану сабақтың сапасын артуда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Факультет ОПК-дың сабақтарына оқу-әдістемелік комитет басшылары, кафедра меңгерушілері, факультеттің және кафедраның оқу-әдістемелік төрайымы мен кафедра профессор оқытушылары қатысып, өткен сабақтарға талдау жасалып, хаттамалар дайындалды.

ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдірілді.

2022-2023 оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында кәсіптік бағдар мен педагогикалық, дипломдық, практика жұмыстары ұштастырылды. Педагогикалық практика өтетін бітірушілерге мамандықты сипаттайтын буклеттер беріліп, олардың баратын мектептерде біздің университеттің жетістіктерін, басқа ЖОО артықшылықтарын, өз мамандықтарының жетістіктерін түсіндіруді міндет етіп, педагогикалық практика есептерінде осы мақсатта атқарылған жұмыстары туралы көрсетілуін талап етті.

Кәсіби бағдар бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін кафедраға Түркістан облысының қалалары мен ауданында орналасқан және Жамбыл, Қызылорда облысының мектептері бөлінген болатын. Оқытушылар кесте бойынша өзіне бөлінген мектепке барып, білім беру бағдарламалары бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оқушылардың таңдаған білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілуде.

**2022 – 2023 оқу жылына университеттің әлеуметтік желіде жарнамалау жұмыстары күшейтілуін, дарынды және талантты талапкерлерді университетке шақыру мақсатында іс-шаралар жоспары**

№	Жоспарланған іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп мұғалімдерімен біріге семинарлар ұйымдастыру	Ноябрь 2022 ж	Кафедра меңгерушілері, кафедра ОПК
2	Оқушылар Сарайымен байланыс жасау	Желтоқсан, 2022 ж	Кафедра меңгерушілері, кафедра ОПК
3	Түркістан ауданындағы мектептерге барып үгіт насихат жасау	Наурыз, 2023 ж	Кафедра меңгерушілері, кафедра ОПК
4	Кентау қаласының мектептерге барып үгіт насихат жасау	Наурыз, 2023 ж	Кафедра меңгерушілері, кафедра ОПК
5	«Достық» және басқада білім беру орталығымен байланыс құру	Наурыз, 2023 ж	Кафедра меңгерушілері, кафедра ОПК
6	Қазығұрт ауылындағы мектеп, колледждерге барып оқушылармен кездесу	Сәуір, 2024 ж	Кафедра меңгерушілері, кафедра ОПК

Ағымдағы оқу жылында кәсіби бағдар бойынша Компьютерлік ғылымдар кафедрасының оқытушы-профессор құрамының қатысуымен Түркістан қаласындағы С.Сейфуллин, М.Маметова №16 Т.Бигельдинов, , №2 Хамза, №22, №5 Ғ.Мұратбаев, Ш.Ниязов, №17, Кентау қаласындағы № 1, №4, №14, №16 мектеп оқушыларымен кездесулер жүргізілді.

Компьютерлік инженерия кафедрасы тарапынан 2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатындағы іс-шаралар жоспары дайындалып, әр іс-шара бойынша жауапты оқытушылар бекітілді. Кафедрада оқытылатын мамандықтар туралы буклет дайындалды, буклет ішіндегі ақпараттар жаңартылып, жаңа мәліметтермен толықтырылды.

Түркістан қалалық білім бөліміне қарасты №12 Хамза атындағы жалпы орта мектебінің 10, 11 сынып оқушылары Инженерия факультетінде оқытылатын мамандықтар туралы кәсіптік бағдар жұмыстарына аталған факультет кафедраларына экскурсияға келді. Экскурсия барысында кафедрада оқытылатын әр мамандықтардың сипаттамаларымен: мамандықтың қазіргі таңдағы маңызы, мамандыққа деген сұраныс, білімгерлерге білім беретін профессор-оқытушылардың жетістіктері, кафедра мамандықтарының жетістіктері мен бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы толық ақпарат алды.

2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатында университеттің кәсіби бағдар орталығының ұйымдастыруымен 14.04.2023 жылы Кентау қаласындағы Дайындық факультетінің тыңдаушыларына кафедрада оқытылатын білім беру бағдарламаларына үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Кафедра аға оқытушылары Ибадуллаева А., Баялы Ә. бакалавриаттың информатика, ақпараттық жүйелер, инженерлік іс білім беру бағдарламалары және осы бағдарламалардың магистратурасы, кафедраның материалдық-техникалық жағдайы, профессорлық-оқытушылар әлеуеті туралы жалпы мәлімет берді. Кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу барысында дайындық факультетінің тыңдаушыларына кафедраның білім беру қызметіне қатысты оқытылатын бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламалары, оқу лабораториялары, білім беру бағдарламаларының толық сипаттамасы берілген буклеттер таратылды. Түркі тілдес елдерден келген тыңдаушылар кафедра мамандықтарына қызығушылық танытып сұрақтар қойып, сұрақтарына оқытушылар дәйекті жауап берді (4 Қосымша).

**2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатындағы іс-шаралар жоспары**

№	Жоспарланған іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатындағы іс-шаралар жоспарын дайындап, бекіту.	01.11.2022	Кафедра меңгерушісі, кәсіптік бағдар жұмыстарына жауапты Ибадуллаева А.Ш.
2	Кафедрада оқытылатын мамандықтар туралы буклет дайындау, жаңарту.	01.12.2022	Қошанова Р.Н., Ибадуллаева А.Ш.
3	Жетістікке жеткен түлектер, олардың еліміздің дамуындағы алатын орны, қызмет ету аймақтары жөнінде ақпараттық мәлімет дайындап, әлеуметтік желілерде тарату	01.12.2022-01.06.2023	Қошанова Г.Д., Ибадуллаева А.Ш., кафедра ОПҚ
4	Кафедра қызметіндегі ғылым, білім бағытындағы алға қойылған жоспарлар, жетістіктер, кафедра ұстаздарының, білімгерлердің жетістіктері туралы Ясауи университеті газетіне, әлеуметтік желілерге жарияланым жасау.	01.02.2023-01.06.2023	Қошанова Г.Д., Ибадуллаева А.Ш., кафедра ОПҚ, кафедра ардагер ұстаздары: Марасулов А.М., Төлеп Ә.С., Беркімбаев К.М., Ниязова Г.Ж.
5	«Мамандығым мақтанышым» іс шарасын әлеуметтік (Facebook, Instagram) желілерге жариялау	03.04.2023-15.05.2023	Байтерекова Н.И., Ибадуллаева А.Ш., кафедра ОПҚ
6	«Жас талапкерге мамандық таңдауға кеңес» факультет көлемінде ашық есік өткізу және іс шараны әлеуметтік (Facebook, Instagram) желілерге жариялау	03.04.2023-01.06.2023	Қошанова Р.Н., Ибадуллаева А.Ш., кафедра ОПҚ
7	Кафедра оқытушыларының жоспар бойынша қала аумағындағы орта мектептерге кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу.	01.02.2022-01.06.2023	Қошанова Г.Д., Ибадуллаева А.Ш., кафедра ОПҚ

Кәсіптік бағдар бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, Компьютерлік инженерия кафедрасының аға оқытушысы Н.М.Жунисов 01.03.2022ж. сағат 14.00-де Кентау қаласы, Дарынды балаларға арналған аймақтық «Дарын» мектеп интернатында 6В015-Информатика, 6В061-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру бағдарламаларын жарнамалап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Электр инженериясы кафедрасының аға оқытушысы, Мейірбекова Оксана 18-ақпан күні Кентау қаласындағы №12 жалпы орта мектебінің және №14 мектептің бітіруші сынып оқушыларымен кездесіп, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.

**16. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуі қадағаланды.**

ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігі университет сайтында қамтамасыз етілген. Академиялық саясат құжатына сылқа: <https://ayu.edu.kz/38620-2> Регламенттер: <https://ayu.edu.kz/reglamente>

**17. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасалды.**

Білім алушыларды Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру және оқу төлемақысына жеңілдіктер берілген. Университеттің 05.06.2019ж. бекітілген СМЖ УЕ-ХҚТУ-038-2019 «Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер Ережесінің» 6.1., 6.1.2, 6.1.3, 6.1.4, 6.2., 6.3., 6.4., баптарына, 09.10.2020ж. күні бекітілген СМЖ УЕ-ХҚТУ-038-2020 «Білім алушыларды Мемлекеттік білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру Ережесінің» 6.1, 6.2, 6.3, 6.4, 6.5-баптарына және 2022-2023 оқу жылындағы университеттің жеңілдіктер беру комиссиясының шешіміне сәйкес берілді. Тұл жетім студенттерге екі мезгіл тамақтануға талон беріледі.

**Факультет ұсыныстары:**

- 1) Оқытушы-профессор құрамының жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік жасау;
- 2) Шетелден шақырылған профессорлар үлесін көбейту;
- 3) Оқытушы-профессорлар құрамының ағылшын тілін меңгеру деңгейін жоғарылату (арнайы курстар ұйымдастыру);
- 4) Оқу процесіне виртуальды зертханаларды ендіру;
- 5) Факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 6) Инновациялық оқыту әдістері бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;
- 7) Дуалды білім беру бойынша жұмыстарды жандандыру;
- 8) Жұмыс берушілермен кері байланысты күшейту.

Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету  
жөніндегі комиссияның төрайымы



Г. Кошанова